

«Тілмен өрілген тағдырлар» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің анықтамасы анықтамасы

09.09.2025 жылы «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 5-7 сынып оқушылары және өзге ұлт өкілдерімен **«Тілмен өрілген тағдырлар»** тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Аталған шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері «Тілдер тоғысқан мереке» атты онкүндік іс-шараның жоспарына сәйкес ұйымдастырды.

Дөңгелек үстел өту кезеңінде 5-7 сынып оқушыларының дайындаған шағын концерттік бағдарламасы тамашаланды. Онда қара өлең оқылып, әдеби көрініс көрсетті. Патриоттық ән айтылып, қазақтың қара домбырасымен күй де шертілді.

Сонымен қатар қонақтармен бірігіп викториналық сұрақтарға жауап берілді. Қазақстан Республикасының Тілдер заңы мен Тілдер мерекесі төңірегінде біршама мәліметтер берілді.

Өзге ұлт өкілдерімен сұхбат барысында олардың қазақ тілін еркін әрі көркем сөйлей алатыны оқушылар үшін мақтаныш болды. Тіл әрқашанда халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тіл тұғырының биікке көтерілгені-халық мәртебесінің жоғарылауы. Оқушылар мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары болуы тиіс екенін, ана тілімізді шұбарламай таза сақтауға тиіс екенін түсінді. Сондай-ақ ана тілімізді ардақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу- бүкіл Қазақстан азаматтары үшін басты парыз.